

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 30 қарашада
жарияланды

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б. Н. Асылқожа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Еліміздің президенті ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану кезінде заңдылықты қамтамасыз ету мәселелеріне үнемі назар аударады. Сонымен бірге, еліміздің сайлаушыларымен кездесу барысында жер ресурстарын басқару жөніндегі жергілікті атқарушы органдарының әділетсіздігіне көптеген шағымдар айтылуда.

Мысалы, Бас жоспарда көрсетілген елді мекен (қала, кент) аумағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нысаналы мақсатын өзгертіп, оны бірнеше бөлікке, жер учаскелеріне бөліп жеке қосалқы шаруашылық, тұрғын үй салу және т.б. үлестірген оқиғалар өте көп.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14 және 14-1-баптарында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органдардың құзыреті нақты көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сүйенсек Түркістан облысы Сайрам ауданының әкімдігімен «Фархат» шаруа қожалығына Қарасу ауылдық округі аумағынан егістік жері берілген. Ал, «Фархат» шаруа қожалығының оған берілген егістік жерді 17 бөлікке, ары қарай 42 жер учаскеге бөлгені анықталған.

Тағы бір айта кететін мәселе, «Сайрам» ӨК-і уақытша пайдалану құқығымен берілген жерді 7 бөлікке бөліп беру туралы өтінімімен Шымкент қаласындағы тиісті жергілікті атқарушы органға жүтінген. Шымкент қаласының тиісті уәкілетті органы жалға алу келісім шартын жасамастан, Жер кодексінің нормаларын өрескел бұзатын отырып, егістік жерді жер учаскелеріне бөлуді бұйрығымен бекіткен.

Осындай жағдайлар бір ғана оқиға емес, барлық өңірлерде көптеп кездесуде. Осының салдарынан халық арасында «Нахаловка» атанған елді мекендер, көшелер пайда болуда. Нәтижесінде ешқандай инфроқұрылымсыз, архитектуралық, қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін елді мекендер бой көтеруде.

Құрметті Берік Ноғайұлы, «Amanat» партиясының сайлауалды бағдарламасында «әрбір азаматқа лайықты өмір» – деп нақты көрсетілген. «Amanat» партиясы маңызды мәселелерді шешу үшін барлық мүдделі билік органдарының диалогын қолдайтындығын ескере отырып, төмендегіні ұсынамыз:

1. Ауыл шаруашылығы, Әділет министрліктерімен және Бас прокуратурамен бірлесіп ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатын өзгертуді және тиісті лауазымды тұлғаларға жауапкершілік жүктеуді реттейтін Жер кодексі баптарының құқық қолдану практикасы мәселелерін зерделеу үшін арнайы жұмыс тобын құруды;

2. Жер кодексінің баптарын бұзған жауапты тұлғаларды анықтап, оларды жауапкершілікке тарту мәселесін қарауды;

3. Өңірлерде жер ресурстарын беру туралы ақпараттың ашықтықтығы мен жалпыға қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал жасауды ұсынамыз.

Депутаттық сауалға заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев
Н. Ожаев
М. Төлепберген
Қ. Ержан
А. Қожахметов
З. Камасова
Г. Нұрымова
С. Нақпаев
М. Елюбаев
Б. Бекжанов
Е. Бейсенбаев
Ж. Әшімжанов
Е. Абақанов
Ғ. Ташқараев
Д. Колода**

**Қазақстан халқы
Ассамблеясынан сайланған
депутаттар**

**І. Бұларов
А. Хамедов
В. Набиев
А. Амирханян
Ш. Осин
З. Кузиев**

**«Қазақстан Халық» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**М. Магеррамов
Е. Смайлов
Ж. Ахметбеков**

**«Ақ жол» ҚДП
Фракциясының депутаты**

А. Әбілдаев